

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ  
ИДЕОЛОГИЯСЫНА ТАРТЫЛУЫНЫҢ  
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ**

жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлеріне және  
білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған әдістемелік ұсыным

Управление образования акимата Костанайской области / Авалеева М. Б.

Астана 2025

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>I. Негізгі түсініктер.....</b>	<b>4</b>
<b>II. Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне түсіндірме.....</b>	<b>8</b>
<b>III. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің рөлі.....</b>	<b>9</b>
3.1. Білім беру ұйымының (мектеп, колледж) директоры.....	9
3.2. Білім беру ұйымы (мектеп, колледж) директорының орынбасары.....	9
3.3. Сынып жетекші мен куратордың рөлі.....	10
3.4. Пән мұғалімдерінің рөлі.....	11
<b>IV. Жергілікті атқарушы органдар мен құзырлы мемлекеттік органдардың рөлі мен өкілеттіктері .....</b>	<b>12</b>
4.1. Білім басқармасының құзыреті мен рөлі.....	12
4.2. Психологиялық қолдау орталығының негізгі міндеттері.....	13
4.3. Дін істері басқармасының құзыреті мен рөлі .....	14
4.4. Полиция департаментінің құзыреті мен рөлі .....	15
<b>V. Педагогтер мен қызметкерлерге ұсыныстар.....</b>	<b>16</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>17</b>

## КІРІСПЕ

Қазіргі әлемдегі әлеуметтік және саяси жағдайлар діни экстремизм мен терроризмнің кеңінен таралуына ықпал етуде. Бұл идеологиялар әсіресе жастар арасында қарқынды түрде кеңейіп, олардың психологиялық, рухани және қоғамдық дамуына теріс әсерін тигізеді. Экстремизм мен терроризмнің негізінде жат идеялар жастардың қалыпты дүниетанымын бұзып, олардың құқық және адамгершілік құндылықтарға деген сенімін жоюға бағытталған.

Жастар қоғамның ең белсенді және болашақ көшбасшылары ретінде үлкен әлеуетке ие, алайда олардың әлеуметтік жағдайлары, білім деңгейі, рухани дүниесі мен отбасының тәрбиелік ықпалы секілді факторлар экстремистік идеологияларға тартымдылықты арттыра алады. Әсіресе білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы органдардың тиімді жұмысы жастарды теріс ықпалдардан қорғау мен дұрыс бағытта тәрбиелеу үшін өте маңызды. Олар экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізіп, білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға өз үлестерін қосуы тиіс.

Осы әдістемелік ұсынымдар жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері мен педагогтерге арналған. Олар білім алушылардың діни экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылуының алдын алу бойынша нақты практикалық ұсыныстарды, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру тәсілдерін ұсынады. Сонымен бірге, білім алушыларды әлеуметтендіру, олардың мәдени және әлеуметтік белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарға басымдық береді. Бұл ұсынымдардың жүзеге асырылуы қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

**Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты** – жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері мен білім беру ұйымдарының педагогтеріне білім алушылар арасында экстремизм мен терроризм идеологиясының алдын алу бойынша практикалық бағыт-бағдар беру, оларды ақпараттандыру және қажетті әдістермен қамтамасыз ету. Сондай ақ, экстремизм мен терроризмнің қаупі мен белгілерін танып-білу, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету, қауіптің алдын алу шараларын ұйымдастыру **міндеттерін көздейді.**

Барлық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың діни ахуалға қатысты дербес жауапкершіліктері айтарлықтай ұлғайып отыр. Бұл олардың тарапынан өңірлердегі діни қатынастарды реттеу және қалыптасып отырған ахуалға бақылау жүргізудің қатаң тетіктерін орнату бойынша кешенді жұмыстарды талап етеді. Осы ретте, әртүрлі деңгейдегі әкімдердің вертикалды жауапкершілік жүйесі төменгі деңгейдегі әкімдіктердің алдына діни ахуалға бақылау жасау және олардың орындалуын мониторингтеу бойынша ағымдағы нақты міндеттер мен тапсырмаларды әзірлеу жолымен атқарушы биліктің барлық құрылымдарының қызмет атқаруының ортақ (бірыңғай) тетігін қалыптастыруы тиіс.

Алға қойып отырған мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтардың қоғамдық санасында мемлекет пен қоғамның зайырлы қағидаттарын одан ары орнықтыра түсу, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыру маңызды.

Зайырлы білім – мемлекет пен діннің аражігін ажырату қағидаттарына негізделген білім беру жүйесі. Зайырлы мектепте дін міндетті пән емес және білім алушылардан қандай да бір дінді ұстану талап етілмейді. Зайырлы білім – демократияның маңызды элементі. Ол барлық адамдар тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын толерантты және инклюзивті қоғам құруға көмектеседі.

Бұл білім алушыларға заманауи әлемде өркендеу үшін қажетті негізгі дағдылар мен құндылықтарды дамытуға көмектеседі.

Зайырлы мектеп дініне қарамастан барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер беруі керек. Мысалы, мектепте діни себептермен мектептен тыс іс-шараларға немесе спорттық жарыстарға қатысуға ешқандай шектеулер болмауы керек.

Орта мектептердің жоғары сынып оқушылары, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері, жұмыссыз, ауылдық және басқа да әлеуметтік аз қамтылған жастар арасында, сондай-ақ еңбек ұжымдарындағы жұмысшылар арасында қазақстандық патриотизмді, толеранттық сананы тәрбиелеуге және деструктивті діни идеологияларды қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған мақсатты идеологиялық және түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

## I. НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

*Экстремизм* – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы<sup>1</sup>

*Діни экстремизм* – діни сенімдерді пайдалана отырып, зорлық-зомбылыққа негізделген саяси немесе әлеуметтік мақсаттарға жетуге бағытталған әрекеттер мен идеология.

Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығының Дінтану зерттеулер департаменті жүргізген «Жастар және дін» зерттеу жұмысында жастардың дінге қатысты ұстанымы және қатыстылығы бойынша жастардың діни сәйкестілігі бірнеше өлшемнің негізінде қалыптасатынын көрсеткен.

*Біріншіден*, бұл – адамның өзін дінге сенуші немесе сенуші емес деп тануы, яғни белгілі бір дүниетанымның иесі ретіндегі субъективті сезімі.

*Екіншіден*, діни ұстанымдардың мазмұны мен тереңдігі, яғни жастардың өз сенімін қалай сипаттайтынын көрсетеді.

*Үшіншіден*, нақты бір конфессиямен байланысын көрсететін институционалдық қатыстылығы немесе оның болмауы. Аталған аспектілерді кешенді талдау қазақстандық жастардың діни санасының ішкі құрылымын тереңірек түсінуге, сондай-ақ олардың діни немесе діни емес өзін-өзі анықтау формаларының әр алуандығы мен ықтимал қайшылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Адамдардың орта есеппен 75,8%-ы өзін қандай да бір дінге қатысты деп санайды екен (*ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, т.б.*).

*Экстремизмге қарсы іс-қимыл* – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі.

*Экстремизмнің профилактикасы* – экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі.

*Мемлекеттік органдардың экстремизмнің алдын алу саласындағы құзыреті* – білім саласындағы орталық атқарушы орган білім беру ұйымдарында білім алушылардың экстремизм идеяларын қабылдамауын, халықаралық құқық пен ізгіліктің көпшілік таныған принциптерін құрметтеуін қалыптастыруға бағытталған тәрбие бағдарламаларының бекітілуін және іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу

---

<sup>1</sup> Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы

орындарының білім алушылардың академиялық алмасу мәселелері бойынша халықаралық шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

*Терроризм* – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы<sup>2</sup>.

Бұл экстремизмнің шектен шыққан көрінісі, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін зорлық-зомбылықпен байланысты құбылыс.

Ұлтшылдық – ұлттық артықшылық пен ұлттық ерекшелік идеясына негізделген әлеуметтік бірліктің нысаны.

*Терроризмге қарсы іс-қимыл* – мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының терроризм профилактикасы, террористік іс-әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және тергеу, терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші адамдарды және оның жолын кесуге қатысқан адамдарды әлеуметтік оналту, терроризм салдарларын барынша азайту және (немесе) жою жөніндегі қызметі.

*Терроризм профилактикасы* – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын, терроризмнің пайда болуы мен таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою жөніндегі құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар кешені.

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда халықтың өміріндегі нақты өзгерістерге, мәдени құндылықтарды қайта қарауға және тұтастай алғанда қоғамның санасын өзгертуге, әртүрлі ұлттардың, әртүрлі діни нанымдар мен әлеуметтік жағдайдың адамдары арасындағы шиеленістердің күшеюіне әкелетін бірқатар әлеуметтік-экономикалық процестер жүріп жатыр.

Жастар арасында зорлық-зомбылық арқылы мақсатқа жетуге ықпал ететін, терроризм мен экстремизм идеологиясын қолдайтын оппозициялық қауымдастықтар құрылуда. Экстремизм мен терроризмнің пайда болуы және олардың өзара байланысы туралы көптеген көзқарастар бар.

Біз экстремизм – теория, терроризм – тәжірибе деген пікірдеміз. Экстремизм, ең алдымен, жастардың сыртқы ортаға да, олардың ішкі жағдайына да қанағаттанбауынан туындайды, бұл девиантты мінез-құлықтың дамуына, жалпы қабылданған, қалыптасқан және қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқуына, кейіннен деструктивті мінез-құлыққа ауысуына ықпал етеді. Өз мінез-құлқына қатысты сыншылдықтың төмендеуі, болып жатқан нәрсені қабылдау мен түсінудің

---

<sup>2</sup> Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І Заңы

бұрмалануы, оны басқаларға эмоциялар арқылы білдіруге ұмтылу экстремистік құқық бұзушылықтарға әкеледі<sup>3</sup>.

*Білім алушылардың экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылуының себептері:* отбасылық қиындықтар, тәрбиенің төмендігі, экономикалық жағдайдың нашарлығы, жұмыссыздық, ақпараттық қауіпсіздіктің төмендігі, радикалды идеологиялардың таралуы, жастардың өз орнын таба алмауы, әлеуметтік оқшаулану.

*Қауіпті белгілері:* балаларда қатыгездік, агрессияның жоғарылауы, радикалды пікірлер мен идеяларға қызығушылығы басым балады, отбасымен, достарымен қарым-қатынас проблемалары туындайды, құпия кездесулерге қатысып, белгісіз тұлғалармен байланыс құрады.

*Әлеуметтендіру шаралары:* балаларды спорт, мәдени және шығармашылық іс-шараларға тарту, көпұлтты қоғамдағы толеранттылықты насихаттау, мансапқа бағдар беру, кәсіби оқыту бағдарламаларына қызығушылықтарын арттыру.

Управление образования акимата Костанайской области

---

<sup>3</sup> ҚР ҰҚК Академиясы Терроризмге қарсы оқу орталығының жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсынымы «Модель несовершеннолетнего, вовлечённого в экстремистскую и террористическую деятельность» (13 бет)

## II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ МЕН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРМЕ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (I-бөлім 5-бап). Қазақстан Республикасының әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға міндетті.

2. «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл нормалардың орындалуын қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, қоғамдық ұйымдарға жүктелген.

Осы нормаларды, соның ішінде білім ұйымдарының Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мемлекет алдындағы міндеттемелерді орындауға ынталандырады.

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (174-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру, 256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру)

Бұл қағидаттарды бұзу мемлекет пен қоғамға, азаматтар мүдделеріне қауіп төндіреді. Құқықтық мемлекет қағидаттарын қорғау барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, қоғамдық ұйымдардың міндеті, әрбір азаматтың парызы.

4. Қазақстандағы барлық балабақшалар, мектептер мен колледждер меншік нысынына қарамастан нормативтік құқықтық актілер мен ережелері қатаң сақтауы тиіс.

Демек бұл мекемелер, ондағы қызметкерлер мен білім алушылар, тәрбиеленушілер, олардың ана-аналары білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген нормаларды, шектеулер мен талаптарды қатаң сақтауға міндетті.

*Мемлекет ешкімнің дінге көзқарасын және діни сенімін анықтауына, ата-анасының немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің нанымына сәйкес балаларды тәрбиелеуіне араласпайды. Егер баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, құқықтарына нұқсан келтіретін және жауапкершілігін шектейтін жағдайларда баланы қорғауды өз міндетіне алады.*

### **III. ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ**

#### **Білім беру ұйымының (мектеп, колледж) директоры:**

*Заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді:* Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» заңы, Қылмыстық кодекстің нормалары мен білім беру ұйымдарының Жарғысы, ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қадағалайды.

*Басқарып отырған ұйымның қауіпсіздігін қалыптастырады.* Діни экстремизм мен терроризмге қарсы превентивтік іс-шараларды енгізу, білім алушылардың, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

*Қызметкерлерді оқытып, әдістемелік қолдау көрсетеді.* Педагогтер мен әкімшілік құрамға құқықтық нормалар мен педагогикалық әдістерді уақытылы таныстырады.

Сондай ақ, семинарлар мен тренингтер өткізеді, вебинарлар мен онлайн курстар ұйымдастырады, әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтар таратады, тәжірибелі мамандардың дәрістері мен кеңестері, жағдаяттық (кейстер) мысалдар арқылы оқытады.

*Жергілікті атқарушы органдармен және құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесіп,* қауіп-қатерлерді алдын алу мақсатында ақпарат алмасу және бірлескен іс-шараларды ұйымдастырады.

*Құқықтық тәртіпті бақылайды.* Басқарып отырған ұйымда заң бұзушылықтарға, оның ішінде экстремистік және террористік әрекеттерге жол бермеуді қалыптастырады.

#### **Білім беру ұйымы (мектеп, колледж) директорының орынбасары:**

Профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырады (*сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, кездесулер, дөңгелек үстелдер*). Білім алушылар арасында діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы тәрбиелік жұмыстарды үйлестіреді.

Ата-аналармен жұмыс жүргізіп, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу туралы ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады.

Құжаттарды және есептерді жүргізеді. Заң талаптарының орындалуын бақылау және тиісті мемлекеттік органдарға есеп беру.

Педагогикалық ұжымның тәртіп пен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Білім алушылардың мінез-құлқын бақылау, қауіп төнген жағдайларда дер кезінде шара қолданады. *Мысалы:*

*Жеке әңгіме және ескерту: Қауіпті мінез-құлық байқалған білім алушылармен жеке сөйлесіп, олардың түсінігін арттыру және жағымсыз әрекеттерден аулақ болуға шақыру.*

*Психологиялық кеңес беру:* Қажет болған жағдайда білім алушыларға мектеп пен колледждің педагог-психологтері, сондай-ақ дінтану саласының мамандары тарапынан психологиялық көмек көрсетіледі.

*Ата-аналармен байланыс:* білім алушының мінез-құлқы туралы ата-аналарға хабарлап, олардың қатысуымен жиналыстар өткізу.

*Педагогикалық кеңес ұйымдастыру:* Қауіп-қатер туралы білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық кеңестің қатысуымен талқылау өткізіп, бақылауды күшейту, білім алушыға қосымша қолдау көрсету.

*Қауіпсіздік органдарына хабарлау:* Егер білім алушының әрекеті құқыққа қарсы, террористік немесе экстремистік сипатта болса, дер кезінде құқық қорғау органдарына хабарлау.

*Жеке даму жоспарын жасау:* білім алушыға арнайы тәрбие бағдарламасын дайындап, оның әлеуметтік және эмоционалдық жағдайын түзетуге бағытталған іс-шаралар жүргізу.

*Қоғамдық жұмыстарға тарту:* білім алушының әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін волонтерлік, спорттық немесе шығармашылық іс-шараларға қатыстыру.

Мінез-құлықты бақылайды:

*Білім алушылардың сабақтағы, демалыс кезіндегі, мектепшілік іс-шаралардағы мінез-құлқын жүйелі түрде қадағалау;*

*Мұғалімдерден, сынып жетекшілерінен, кураторлардан басқа қызметкерлерден білім алушылар туралы кері байланыс алу;*

*Қауіпті белгілері бар білім алушыларды анықтау (мысалы, оқудан қалу, агрессия, білім алушылар арасындағы жанжал, діни немесе саяси радикалды идеяларды айту).*

### **Сынып жетекші мен куратордың рөлі**

*Тәрбие жұмыстарын жүргізу:* Тәрбие сағаттарда толеранттылық, патриоттық тәрбие, діндер арасындағы бейбітшілік тақырыптарын ұдайы насихаттау.

*Жеке әңгімелер өткізу:* Қауіпті мінез-құлық немесе идеялар байқалған білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жеке жұмыс жасау.

*Қоғамдық іс-шараларға тарту:* білім алушыларды волонтерлік, қоғамдық және шығармашылық жұмыстарға белсенді қатыстыру.

Білім алушыларды бақылау және диагностикалау. Білім алушылардың діни экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылу белгілерін ерте анықтау.

*Діни экстремизм және терроризм идеяларына қызығушылық танытатын кәмелетке толмағандарды анықтауда келесі критерийлерді басшылыққа алу ұсынылады:*

1) Білім алушының жалпыға бірдей мектеп формасының талаптарын сақтамауы;

- 2) мектептегі, колледждегі араласатын ортасы мен достарының ұстынымы;
- 3) қоғамдық шараларға қатысуы немесе қатыспауы;
- 4) әлеуметтік желідегі белсенділігі;
- 5) музыка, бейнелеу, дене шынықтыру (қыз балалар) сабақтарына қатыспауы;
- 6) жаратылыстану (физика, химия, биология) пәндерін оқу, білу қажеттілік деп санамайтын, ғылымға қызығушылық танытпауы;
- 7) сыныпта партада ұлдың қызбен, қыз ұлмен отыруына қарсылық білдіруі;
- 8) мектеп, колледж аумағында, ауласында немесе сыртта намаз оқуы;
- 9) жұма намазға сұрану немесе сұранбай кетуі ескерілуі тиіс.

### Пән мұғалімдерінің ролі

Пән аясында құқықтық және азаматтық білім беруді көздейді. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер («Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Жаһандық құзыреттер» курсы) арқылы экстремизм мен терроризмнің зияндылығы туралы ақпарат беру.

Сыныптағы атмосфераны қолдау қажет. Білім алушылар арасында өзара құрмет пен түсіністік қалыптастыру, топта ынтымақтастықты дамыту.

Білім алушыларға белгіленген нормалар мен ережелерді сақтауды үйретеді. Сабақ барысында құқықтық және тәрбие жұмысына қатысты мемлекеттік талаптарды орындайды.

Қауіп төнген білім алушыларға назар аударып, деструктивті мінез-құлық байқалған жағдайда **сынып жетекшілеріне, кураторларға және мектеп, колледж әкімшілігіне хабарлауы тиіс.**

Сонымен қатар осы жұмысты жүйелендіру мақсатында, білім басқармалары өңірлердегі Терроризмге қарсы комиссиялардың әлеуетін қолдану қажет.

## **IV. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР МЕН ҚҰЗЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ РӨЛІ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

### **Білім басқармасының құзыреті мен рөлі**

Білім басқармасы – білім алушы тұлғасының қалыптасуына тікелей ықпал ететін ең маңызды буын. Оның басты рөлі – білім алушылардың рухани-адамгершілік және құқықтық санасын дамыту, қауіпті ықпалдарға қарсы иммунитет қалыптастыру және әлеуметтендіруді кешенді түрде үйлестіру.

Бұл органның жұмысы педагогтер мен ата-аналар арасындағы алтын көпір қызметін атқарып, діни радикализмнің алдын алуда негізгі бастамашы және үйлестіруші құрылым ретінде қарастырылады.

*1. Білім беру ұйымдарын әдістемелік, ұйымдастырушылық және кадрлық тұрғыда қамтамасыз ету*

Мектептер мен колледждерде рухани-адамгершілік тәрбие, дінтану, құқықтық мәдениет бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырады және қадағалайды.

Мұғалімдер, сынып жетекшілер, кураторлар, педагог психологтер мен әлеуметтік педагогтердің экстремизмнің алдын алу бойынша семинарлар, тренингтер ұйымдастырады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» таңдау пәнінің оқытылуын сапалы деңгейде қамтамасыз етеді (оқулық, білікті мұғалім, оқу жоспары).

*2. Психологиялық қызметтің тиімді жұмысын ұйымдастыру*

Білім беру ұйымдарындағы педагог психологтердің білім алушылар арасында девиантты мінез-құлық, оқшаулану, радикалды көзқарас белгілерін ерте анықтауын қамтамасыз етеді.

Психологиялық қызмет арқылы қауіп тобына жататын балалармен жеке жоспар бойынша жұмыс жүргізілуін үйлестіреді.

Ата-аналарға арналған кеңес беру, тренинг, семинарлар ұйымдастырады.

*3. Қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету*

Білім беру ұйымдарында бейнебақылау, бақылау жүйелері, күзет қызметі, терроризмге қарсы оқу-жаттығуларды жүйелі түрде ұйымдастыруды қадағалайды.

Төтенше жағдайларға дайындық мақсатында оқу орындарымен бірлескен оқу-жаттығу іс-шараларын үйлестіреді.

Жергілікті полициямен, ТЖД, әкімдікпен бірлесіп қауіпсіздік мониторингін жүргізеді.

*4. Білім алушыларды әлеуметтендіру жұмыстарын дамыту*

Әлеуметтік осал, бақылаусыз, ата-анасының қаралуынсыз қалған немесе мінез-құлқында ауытқуы бар білім алушылармен мақсатты жұмыс жүргізеді.

*Әлеуметтендіру және тәрбие беру бағытында:* психологиялық қолдау орталықтары, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдары, мәдени және спорттық клубтар жұмысына жүйелі мониторинг жүргізеді.

Жастар мен жасөспірімдерді пайдалы ортаға тарту арқылы бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды.

### **Психологиялық қолдау орталығының негізгі міндеттері**

Психологиялық қолдау орталығының міндеті – білім алушылардың психикалық-эмоциялық әл-ауқатын сақтау, әлеуметтік және мінез-құлықтық ауытқулардың алдын алу, сондай-ақ олардың діни экстремизм мен радикализация ықпалына түсуін болдырмау бағытында кешенді жұмыс жүргізу.

#### *1. Экстремизм мен радикалды идеологияның алдын алу*

Білім алушылардың арасында радикалды ой-пікірге, шеттетілуге, оқшаулануға бейім мінез-құлық белгілерін ерте кезеңде анықтау.

Мұндай белгілерді байқаған жағдайда дер кезінде педагогтермен, ата-аналармен және қажет болғанда құқық қорғау органдарымен байланыс орнату.

Қауіп тобына жататын білім алушылармен жеке психологиялық түзету және қолдау жұмыстары жүргізу.

#### *2. Жеке тұлғаның әлеуметтенуін қолдау*

Жасөспірімнің мектеп, колледж ұжымына, құрдастар ортасына бейімделуіне көмектесу.

Эмоциялық тұрақтылықты, сыни ойлау қабілетін, коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы білім алушының ішкі қорғанысын күшейту.

Білім алушының отбасымен, мұғалімдермен қарым-қатынасын оңалту және әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесу.

#### *3. Тәуекел тобындағы білім алушылармен жұмыс*

Мінез-құлқында ауытқуы, агрессия, өзін-өзі оқшаулау, виртуалды радикалды ортаға қызығушылық секілді белгілері бар білім алушыларды дер кезінде бақылауға алып, кешенді қолдау көрсету.

Мұндай білім алушылармен жеке кеңес, тренинг, арт-терапия, мінез-құлық түзету сабақтарын өткізу.

Қажет болған жағдайда әлеуметтік педагогпен, дінтанушы мамандармен бірлесіп жұмыс істеу.

#### *4. Ата-аналармен және педагогтермен өзара жұмыс*

Ата-аналарға арналған кеңес беру, семинар, тренингтер өткізу (қатты діни ықпалдың белгілері, баламен дұрыс қарым-қатынас т.б.).

Педагогтерді білім алушылардың психологиялық жағдайын бақылауға үйрету және тәуекел мінез-құлықты ерте анықтау әдістеріне үйрету.

«Мектеп – ата-ана – бала» ұштағаны бойынша бірлескен әрекетті үйлестіру.

#### *5. Мониторинг және талдау*

Білім алушылардың психологиялық ахуалы мен әлеуметтік ортадағы жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу.

Мектеп, колледж ұжымына, әкімдікке және білім басқармасына жылдық талдамалық есептер, ұсыныстар беру.

Радикализацияға бейім жастармен жұмыс бойынша тәжірибе жинақтау және оны тарату.

**Дін істері басқармасының құзыреті мен рөлі** (білім алушылардың діни экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылуының алдын алу және оларды әлеуметтендіру аясында)

*1. Діни ахуалды бақылау және талдау*

Аймақтағы жалпы діни жағдайға мониторинг жүргізеді: мешіттер, діни ұйымдар, онлайн-контент және бейресми уағыздардың мазмұнын сараптайды.

Радикалды немесе теріс бағыттағы діни насихат көздерін уақытылы анықтап, құқық қорғау органдарына ақпарат береді.

Қауіп-қатер туындауы мүмкін орталарды ерте кезеңде болжау мен сараптау жұмысын атқарады.

*2. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру*

Жергілікті ақпараттық-түсіндіру топтарын (АТТ) жасақтайды және олардың мектептер мен колледждердегі жұмысын үйлестіреді.

АТТ құрамына теологтар, дінтанушылар, психологтер, құқық қорғау органдарының өкілдері кіреді.

Білім алушылар мен ата-аналарға арналған семинар, дәріс, тренингтер ұйымдастырады.

Радикалды идеологияның белгілері мен зардаптары туралы ақпараттық материалдар (бейнеролик, брошюра, презентация т.б.) әзірлейді және таратады.

*3. Теологиялық кеңес беру және оңалту жұмыстары*

Егер білім алушы немесе жасөспірім деструктивті діни ағымға қызығушылық танытса, оған теологиялық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мамандармен жеке жұмыс ұйымдастырады.

Жастар арасында дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтарды насихаттау, зайырлы мемлекет қағидаларын түсіндіру бағытында жұмыс атқарады.

Қажет болған жағдайда радикалды көзқарастан қайтару (дерадикализация) процесіне араласады.

*4. Профилактикалық контент және медиа жұмысы*

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде діни радикализмге қарсы контент дайындап, жастар аудиториясына бағыттайды.

Жалған діни насихатқа қарсы пікір қалыптастыратын жобаларды (видео, блог, подкаст) қолдайды немесе өзі бастамашылық етеді.

Жергілікті телеарналар, радиолар мен баспасөз беттері арқылы ағартушылық және түсіндіру бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылады.

**Полиция департаментінің құзыреті мен рөлі**

Полиция қызметкерлері мектеп, колледждермен тығыз байланыста болып, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысын жүргізеді. Ювеналды полиция инспекторлары қауіпті топтағы білім алушылармен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізіп, қажет болған жағдайда ата-аналармен де

кездеседі. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын ұйымдастырып, оқу-жаттығулар өткізеді, бейнебақылау жүйелерінің жұмысын тексереді. Білім алушылар мен ата-аналарға жалған діни ағымдардың заң алдындағы жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, білім беру ұйымдарындағы жалпы тәртіп пен қауіпсіздік деңгейіне тұрақты мониторинг жасап отырады.

Управление образования акимата Костанайской области | Авалеева М. Б.

## V. ПЕДАГОГТЕР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Білім алушылардың мінез-құлқын мұқият бақылаңыз. Кенеттен өзгерістер, оқшаулану, агрессия немесе ұжымнан шеттетілу белгілеріне назар аударыңыз. Мұндай жағдайда уақтылы әрекет ету маңызды.

*Түсіндіру жұмыстарын жиі жүргізіңіз.* Діни экстремизм мен терроризмнің қауіптілігі туралы ақпараттарды сабақта және сыныптан тыс уақытта жүйелі түрде айтыңыз.

*Қауіпсіз орта құруға көңіл бөліңіз.* Мектепте ашық, сенімді және қолдау көрсететін атмосфера қалыптастыру арқылы білім алушылардың өзін-өзі дамытуына, белсенділік танытуына мүмкіндік жасаңыз.

*Ата-аналармен тығыз байланыста болыңыз.* Олардың балаларының мінез-құлқы мен көңіл-күйіндегі өзгерістер туралы хабарласып, бірлескен шешім қабылдаңыз.

*Кәсіби дамуды жалғастырыңыз.* Радикализацияның алдын алу, психологиялық қолдау көрсету және конфликтіні шешу бойынша курстар мен тренингтерге қатысыңыз.

*Кәсіптік қолдау орталықтарымен жұмыс істеңіз.* Қиын жағдайда психологтермен және арнайы мамандармен бірге білім алушыларға кешенді көмек көрсетіңіз.

*Осы жұмысты жүйелендіру мақсатында, білім басқармалары өңірлердегі Терроризмге қарсы комиссиялардың әлеуетін қолдану қажет.*

Мектеп, колледждерде білім алушылардың діни экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылуының алдын алу және оларды әлеуметтендіру мақсатында жауапты директордың орынбасарын бекіту ұсынылады.

Білім алушылардың арасында діни экстремизм мен терроризм идеяларының ықпалына түсу байқалған жағдайда, жоғары тұрған органға хабар беру тиіс болады.

Баланың және оның отбасының жеке деректерін (жеке басын куәландыратын деректер, фотосуреттер, мекенжайлар, білім беру ұйымдарының атаулары және т.б.) қамтитын материалдарды, сондай-ақ баланы сенімді түрде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін материалдарды жариялауға тиым салынады.

Ата-аналарды мұқият тыңдап, қарама-қайшылықтардан аулақ болып және сындарлы диалог жүргізе отырып, оларға ойларын айтуға мүмкіндік беруі тиіс.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім алушылардың діни экстремизм мен терроризм идеологиясына тартылуы қазіргі қоғам үшін аса маңызды қауіп болып табылады. Осы қатердің алдын алу мақсатында педагогтер мен мектеп қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, құқық қорғау және арнайы қызметтердің үйлесімді және жүйелі жұмысы қажет.

Полиция департаменті мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты, радикалды діни идеологияның таралуын болдырмауда негізгі құқық қорғаушы және алдын алу органдары ретінде қызмет атқарады. Полиция мектептерде қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, ҰҚК қауіпті діни топтарды анықтап, оларды бейтараптандыруға бағытталған арнайы шаралар ұйымдастырады.

Дін істері басқармасы және білім басқармасы білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал етіп, экстремизмнің алдын алу үшін теологиялық және әдістемелік қолдау көрсетеді. Психологиялық қолдау орталықтары білім алушылар мен педагогтерге қажет психологиялық көмек беріп, тәуекел жағдайларда оңалту жұмыстарын жүргізеді.

Педагогтер мен мектеп қызметкерлері өз тарапынан білім алушылардың мінез-құлқын мұқият бақылап, қауіпті белгілер анықталған жағдайда жедел әрекет етуі, сондай-ақ ата-аналармен тығыз байланыста болып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізуі өте маңызды.

Қорытындылай келе, барлық тараптың бірлескен әрекеті жастарды радикалды идеологияның ықпалынан қорғауға және олардың қоғамда тиімді әлеуметтенуіне жағдай жасайды.